

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ КОЛЛЕДЖДЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖАСТАРЫ»** атты
(Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған)
студенттік ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ

студенческой научно-практической конференции
**«ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ МОЛОДЕЖЬ
НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА»**
(к 25-летию Независимости Казахстана)

Алматы 2016

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. Экономика: Новая модель роста и развития Независимого Казахстана

<i>Абдуллажанов А.</i> Социальное страхование населения Республики Казахстан	3
<i>Аркинов А., Саукамбекова М.</i> Перспективы совершенствования ипотечного кредитования в Республике Казахстан в условиях кризиса	6
<i>Бейсетай А., Атамбекова Г.</i> ҚР Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуы мен даму деңгейі және оның есептілігін жүргізу тәртібі (ХҚЕС 26)	8
<i>Бодылевская Т.</i> Проблемы преобразования отходов в доходы	12
<i>Боранхан И.</i> Аспекты политологического образования и ключевые ориентиры стратегии «Казахстан-2050»	14
<i>Ваховская В.</i> Глобализация Великого Шелкового пути: исторические и экономические аспекты развития	17
<i>Жанатаева Г.</i> Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму	19
<i>Жунусова Б.</i> Анализ конкурентноспособности отечественных продуктов	21
<i>Ибрагимова Д.</i> Организация учета и аудита в банках второго уровня Республики Казахстан	24
<i>Кан Л.</i> Модернизация финансовой грамотности населения Республики Казахстан	26
<i>Кувшинова К., Степанов Г.</i> Сущность и особенность применения японского метода управления «Кайдзен» в Казахстане	28
<i>Мейрамхан А.</i> Жастарды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту мәселелерін шешу жолдары	30
<i>Муминов А.</i> Проблемы безработицы среди молодежи и пути их решения, для укрепления социальной стабильности в нашем обществе	31
<i>Оразаева А.</i> Формирование банковской политики с учетом международных стандартов	32
<i>Сабитов А.</i> Информационные технологии как действенный метод формирования современного рынка труда	35
<i>Сахнова С.</i> Индустриализация и экономический рост	37
<i>Торкин Э.</i> Новая модель экономического роста и развития Независимого Казахстана	40
<i>Турдиев Д., Кенесова А.</i> Модели для обеспечения принятия решений по управлению предприятиями	42
<i>Тілеуқабыл М.</i> Тәуелсіздігіміз тұғырым, еліміздің ертеңі	45
<i>Ульченко А.</i> Егеменді Қазақстан – мәңгілік ел	46

Секция 2. Правоведение: Правосудие и правоохранительная система как инициатор преобразований и реформ

<i>Абетаева Ф., Блохина И.</i> правовые основы происходящих изменений в экономике, политике и социальной сфере	50
<i>Алаев И.</i> Борьба с коррупцией – как одна из главных проблем государства	53
<i>Әбілқасим Н.</i> Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызметі	56
<i>Әбдімәлік Ж.</i> Ұлт – азаттық көтеріліс тәуелсіздігіміздің бастауы	60
<i>Әуелхан II.</i> Адвокатураның қалыптасуы және дамуы	63
<i>Бағашар Б.</i> Заң үстемдігін қамтамасыз ету	66
<i>Безответных А.</i> Административная ответственность несовершеннолетних	68
<i>Бигалиев И.</i> Қазақ хандығының ата заңдары	70
<i>Ержан Н.</i> Конституция – мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығының кепілі	76
<i>Жұмағалиев М.</i> Құқық қорғау органдарын реформалау	78
<i>Кан Т.</i> Идентичность и единство	81
<i>Курбаналиев Қ.</i> Тәуелсіз Қазақстанның ата заңдары	83
<i>Қымыз Л.</i> Қазақстан Республикасының құқықтық жағдайы	87
<i>Токмурзаева С.</i> Ювенальная юстиция: альтернативные концепции	90
<i>Швалева Т.</i> Медиативное решение судебных споров	92

Секция 3. Лингвистика: Знание языков – реалии сегодняшнего мира

<i>Абдыкадырова З.</i> Knowledge of languages is realities of today's world	95
<i>Алисова А.</i> Влияние молодежного интернет – сленга на чистоту русского языка	96
<i>Альмуханова Д., Жуматова А.</i> Английские надписи как экстралингвистический фактор влияния на культуру подростков	99
<i>Актаева А.</i> Психологизм в романе Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание»	101
<i>Ахатова А., Беркымбаева А.</i> Қазақ есімдеріндегі мемлекеттік тілдің көрінісі	104
<i>Базилова К., Исабек М.</i> СМС – это новая форма общения XXI века	108

<i>Ботаева А.</i> Peculiarities of using sociocultural components in intensification of teaching English.....	110
<i>Жантурсын А.</i> English borrowings in modern Russian language.....	112
<i>Жангазы А.</i> Ақын-жыраулар тілі	114
<i>Жексенбинова К.</i> Глагол в произведениях Александра Блока	115
<i>Икрамов Д.</i> Истинности идеи Шолохова во благо всего человечества и его актуальность в современном мире	119
<i>Иманкулова А.</i> Білімді жастар – интеллектуалды ұлттың бастауы.....	122
<i>Медетова Л.</i> Жарнама тілінің психолінгвистикалық ерекшеліктері мәселелері	124
<i>Мочалова А.</i> Современные тенденции развития сокращения как способа словообразования в английском языке	126
<i>Мухтархан А.</i> Мои туристические маршруты.....	127
<i>Нарман Н.</i> Өзге тілдердегі түркізмдер.....	129
<i>Оразақын М.</i> Қазақстандағы тіл саясаты және оның этносаралық қарым-қатынастарға ықпалы.....	131
<i>Прусакова Е.</i> Business English – idioms and expressions	134
<i>Сихимбаева С.</i> The easiest way to learn English is-Globish.....	135
<i>Толыбай Д.</i> Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып бейнелеуінің ерекшеліктері.....	137
<i>Убайдулла А.</i> Изучение рифмованных словарей – условие формирования полиязычной и поликультурной личности	138

**Секция 4. Общеобразовательные дисциплины:
Всесторонне развитая и интеллектуальная молодежь, реализующая новую модель
современного общества**

<i>Абдуллаева Р.</i> Интеллектуально развитая молодежь – будущее страны.....	144
<i>Акпер А.</i> Менің Отаным-Қазақстан.....	147
<i>Ахетова Қ.</i> Түйе сүтінің биологиялық маңызы	149
<i>Әбдіқасым А.</i> Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы	150
<i>Бекіш Б.</i> Таза табиғат – халық байлығы	152
<i>Бекмаганбетова Ж.</i> «Мәңгілік Ел» идеясы	155
<i>Бисенбекова Г.</i> Заманауи қоғамның дамуының жаңа моделін іске асыратын жан-жақты дамыған интеллектуалды жастар	158
<i>Боранбаев Е.</i> Судың, жемістердің құрамындағы темірдің адам ағзасына әсерін, себебін анықтау	161
<i>Близников В. Аметова Р.</i> Проблемы интеллектуальной молодежи в современном и независимом Казахстане.....	163
<i>Бырқия Ш.</i> Қазақстандағы 1916ж. ұлт-азаттық көтеріліс. Жетісудағы орталығы	165
<i>Ганиева С.</i> Социализация людей с ограниченными возможностями в контексте современного Казахстана.....	170
<i>Дженсенбаева Ж.</i> Влияние феминизма на социально-экономические и культурные отношения в Казахстане	173
<i>Дүйсен А.</i> 1916 жылғы ұлт -азаттық көтеріліске 100 жыл	175
<i>Жанкабаева Ж.</i> Влияние стиля педагогического общения на формирование "Я-концепции" младшего школьника	177
<i>Жұмабек К.</i> Алоэ осімдігінің ерекшеліктері және емдік қасиеті.....	180
<i>Каримов А.</i> Факторы, влияющие на окружающую среду при добыче нефти.....	182
<i>Крюков А.</i> Числа Фибоначчи.....	183
<i>Кудайбергенов А.</i> Будущее Казахстана – интеллектуальная молодежь	185
<i>Қанатбекқызы А.</i> Заманауи қоғамның жаңа моделін дамытуда жастарды жан-жақты жетілдіру және зияткерлікке баулу	189
<i>Махамбетсалиев Д.</i> Қазақстандағы сталиндік қуғын-сүргін	192
<i>Мичирова Р.</i> Развитие интеллекта школьников современными средствами информационно – коммуникационных технологий на уроках информатики.....	194
<i>Мочалова А., Елинский А.</i> Влияние использования спортивного питания на организм подростков	195
<i>Несітбекова З.</i> «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс».....	197
<i>Ниетбай А.</i> Влияние химического и биологического состава кумыса на организм человека.....	200
<i>Ораз Г.</i> Стресс кезінде пайда болатын өзгерістер мен бейімделу үрдісі	202
<i>Песоцкая Э.</i> Влияние разных жанров фильмов на психику студентов	205
<i>Рахимова С.</i> Ерлігі елу жылдан кейін ғана танылған Бақтығораз Бейсекбаев.....	206
<i>Серик Т.</i> Темекінің химиялық құрамы және адам денсаулығы.....	207
<i>Серікбай А., Райзо А.</i> Қазақтың халқының салт-дәстүрлері?.....	210
<i>Тоқсанбай П.</i> Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінің бүгінгі ұрпақ үшін тәрбиелік мәні	212

уровня правонарушений среди несовершеннолетних и молодежи, безработицы, нестабильности, неверию в возможность решения своих проблем законопослушным путем и многое другое.

Эти данные свидетельствуют о том, что проводимые в стране экономические изменения еще не оказали существенного позитивного влияния на социальное положение этой категории населения. В связи с этим, существует объективная необходимость в пристальном внимании государства и общества в целом к этой категории населения.

Заключение

Таким образом, мое мнение, что данное время значение административной ответственности несовершеннолетних и молодежи в целом, возрастает с проведением экономической реформы. Происходящие в настоящее время изменения, переход к рыночным отношениям, требуют четкого представления о составных элементах, приводящих в движение всю систему и позволяющих ей функционировать с необходимой эффективностью и в нужном направлении. В условиях нарастающего отчуждения, нищеты и деформаций общественных отношений молодежные группы для удовлетворения своих потребностей создают специфическую защиту от социального общества и пытаются выработать инновационные способы адаптации к социальным переменам, происходящим в обществе.

Список использованной литературы:

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями на 2 февраля 2011 г.)
2. Кодекс РК об административных правонарушениях (с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.01.2016 г.)
3. Закон РК от 9 июля 2004 года № 591-III «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждений детской безнадзорности и беспризорности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 31.10.2015 г.)
4. Учебное пособие «Проблемы противоправного поведения молодежи» (социально – акмеологический и правовой анализ). Авторы: М. Лукьяненко, Ж. Заяц, 2003 года.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ АТА ЗАҢДАРЫ

Бигалиев И., 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Әділқалим С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі

Қазақ халқы – «қазақ» деп бертінде аталғанына карамай, өзінің көне дәуірлерге барып тірелетін тарихы, адамгершілік пен ұлағатты тағылымдарға толы рухани-мәдени қазыналары бар халық. Әлемдегі өзге халықтар мен ұлттар алғашқы тобырлық тіршілікті басынан өткеріп, бірін-бірі аяққа құл етіп қанап, бірі-бірінің құқықтарын аяққа езіп, теңдікті, әділдікті, еркінділікті, бостандықты аяққа қалдырып жатқан кездің өзінде-ақ ата-бабаларымыз ақ пен қараны ажыратып, обал мен сауапты терең түсініп, еркіндік, бостандық, егемендік, әділеттік, адамгершілік категорияларын ту етіп көтеріп, нағыз демократиялық сипаттарға толы қағида-ережелерін жасап, тұрмыс-тіршіліктерін осы қағидаларға сүйеніп алып барып, өмір сүріп жатты. Еліміз өз тәуелсіздігін алып, егеменді мемлекет болғаннан кейін елеусіз қалып келген асыл мұраларымызды өгейсітпей, өз ұрпақтарына қайта қайтару мүмкіндік туды. Өркениетті елдердің бәрі дүр сілкініп, жаһандасу процесінде көлеңкеде қалып қойған бүгінгісі мен болашағының мызғымас қажеттілігін алдын ала ойлап, өздерінің өткендерін қазіргі күнмен сабақтастыра отырып, алтын қазыналарын сол іс-әрекеттеріне арқау етуде. Жаһандасу процесінде барлық халықтардың өзара тіл табысуын жеңілдету, қағида-ережелерін демократияландыру, ақпараттар ағынын жиілету жолында реформалар жүргізіп жатыр. Бұл реформалардың негізгісі гуманизациялау. Әсіресе, халықаралық құқықты гуманизациялау қазірдің өзінде басталып кетті. Ол үрдіске қазақ әдет-ғұрып құқық жүйесінің де қосар үлесі мол болмақ. Сондықтан ата-бабаларымыздың асыл мұраларын терең зерттеп, талдаулар жасап қана қоймай, оны әлемге таныстыру, өзіміздің құқықтық-мемлекеттік жүйемізде қолдану – бүгінгі күннің маңызды мәселесі. Сондықтан да, ұлы ғалымымыз С. Зимановтың: «Бір кездері ежелгі қазақ даласындағы ұрпақтар мұрасы болып табылатын заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» қайтадан біздің тарихымыздың алтын бетіне айналып және болашақта жалпы өркениеттік мұрасына да айналар деген үміт бар» деген сөзі қазақ құқық жүйесіне салмағы ауыр, мәні зор екенін ғана көрсетіп қоймай, алдағы уақытта әлемдік құқықтық жүйелердің ішінен өзінс лайықты орын ала алатынын меңзейді.

Әсіресе Әбілхайыр(1428-1468) Жошы-Шайбан- Дәулет-Шайх оғланның ұлы хандығы өте нағыз еді. Территориясы батысында Жайықтан бастап, шығысында Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдың томенгі жағы мен Арал өңірінен, солтүстігінде Тобылдың орта ағысы мен Ертіске дейін жерді алып жатты. Бір орталыққа бағынған мемлекет болмады. Көптеген ұлыстарға бөлінді. Олардың басында Шыңғыс әулетінің әр тармақтағы ұрпақтары, көшпелі тайпалардың билеушілері тұрды.

Әбілхайыр билік еткен кезде халық өзара қырқыс пен соғыстан шаршады. 30 жж. ол Тобыл бойында Шайбани ұрпағы Махмұт Қожаханды талқандады. Сыр бойындағы далада Жошы әулетінің Махмұтханы мен Ахметханың (Тоқа Темір тұқымы) жеңді. 1446 жылы Әбілхайыр Темір ұрпақтары мен Ақ Орда хандары ұрпақтарынан Сыр бойы мен Қаратау баурайындағы – Сығанақ, Созақ, Аққорған, Өзгент, Аркүк сияқты қалаларды басып алады. 1457 ж. Үз-Темір тайшы бастапан ойраттардан (жайылым жер іздеген) Түркістан өңірінде жеңіліп қалды. Масқара ауыр шарт жасасып, ойраттар Шу арқылы өз жерлеріне кетті. Ал Әбілхайыр өз ұлысында, қатал тәртіп шараларын орнатуға кіріседі. Бұл халық бұқарасының оған деге өшпенділігін күшейтті. Нәтижесінде халықтың жартысы Шығыс Дешті Қыпшақтан Түркістан алқаптарына және Қаратау бөктерлерінен Жетісудың батыс өңіріне көшіп барулары еді. Оны Жәнібек пен Керей басқарды.

Жәнібекұлы Қасым хан (1445-1518) – қазақтың ұлы хандарының бірі, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Жәнібек ханның ортаншы баласы. Шешесі Жаған бегім Шайбани әулетінің атақты ханы Мұхаммед Шайбанидің інісі Махмұд сұлтанның шешесінің туған сіңлісі.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатты. «Қасым ханның қасқа жолы» – осының куәсі.

«Қасқа жол» – деп аталатын заң, қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде Қасым хан тұсында жасалған. Оның жасалуына себеп болған жағдайлар мыналар:

1. Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтерілді;
2. Қазақ халқының этникалық территориясы толығымен біріктірілді;
3. Хандық билік этникалық территорияға толық тарап, рөлі артты;
4. Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейді.

Міне, осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша мәтіні болмаса да қазақ есінде заң атының жарты мың жыл бойы сақталуы «Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз.

Қасым хан алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Сол үшін, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати Тарихи Рашиди кітабінде: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай күдіретті ешкім болған емес» дейді. Қасым хан өлгеннен кейін сұлтандар мен феодалдардың өзара бақталасы, қырқысы күшейді. Сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде, өзара қырқысуының зиянды зардаптары хандықты әлсіретуге әкеп соқты.

Есім ханның ескі жолы" – дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдардың жиынтығы. Оның негізін Қасым хан салған болатын (1511 – 1523). Заң жинағында Қыпшақ, Шағатай, және басқа ұлыстарда қолданылатын әртүрлі жарғылар енгізілді. Есім хан өзіне дейін көп өзгеріске ұшырай қоймаған Қасымның заңдарын іс жүзінде қолдануды өзі билік жүргізгенде қатаң талап етті. Қасымның заңы Есімнің арқасында сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне, халқтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірілді, соның нәтижесінде бұл заң халық арасында кеңінен тарады. Бұл заң ережелері жермен, малмен байланысты материалдық тарап-арыз, қылмыстық іс туралы (ұрлық, кісі өлтіру және т.б.), әйелдердің жағдайы, әскери міндеттілік, дәстүрлі шаралар, кедейлерге көмектесу және т.б. туралы мәселелерді қарады. Халық бұқарасы Қасым хан заңының ережелерін ұстауды қалады. Бұл заң жиынтығы Есім ханның құрметіне "Есім ханның ескі жолы" деп аталды.

Есім хан елді жуасытып бағындыру саясатын жүргізді. Сондықтан ол қанға қан, құн төлеу, барымта алу, құлды сату, зекет, ұшыр жинау, айып салу және т.б. уағыздады. Халық Есім хан заңдарын "Есім хан салған ескі жол! Деп атады.

Тәуекел хан Орта Азияның сауда орталықтарына шығу үшін күресті. 1583 жылы ол бұрынырақ Бұқарамен жасалған шартты бұзып, Сыр бойындағы қалаларды алып, Ташкент, Андижан, Акси, Самарқанд сияқты қалаларды қазақ хандығына қаратты. Бұқара қаласын қоршауға алған кезде Тәуекел хан жараланып қаза болды. Одан соң хандыққа Есім хан Шығайұлы (1598-1628) билік етті. Ол 1598 жылы Бұқарамен бітім шартын жасасты, шарт бойынша өзбектер бұрын тартып алған Сыр бойы қалалар мен Ташкент қазақ хандығына бекітіп берілді. Сөйтіп, Сыр бойындағы қалалар үшін, Оңтүстік Қазақстанның жерін кеңейту үшін бір жарым ғасырға созылған күрес біраз бәсеңдеді.

Есім хан Әбдірахимнің қызы Патша ханымға үйленді де, ағасы Күшік сұлтанның қызын Әбдірахимге берді. Есім хан мен Тұрсын хан арасында күрес шиеленісе берді, 1627-жылы Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, қазақ хандығын өз қол астына біріктірді. Есім ханның феодалдық

бытыраңқылықты жеңіп, қазақ хандығын біріктіру жолындағы күрестері қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жырына өзек болған. Есім хан Ташкент қаласына білдіртпей түнде кіріп, хан сарайының күзетшілерін байлап тастап, тұрсын ханды қаперсіз ұйықтап жатқанда қапылыста өлтірді. сонда Есім ханның қасындағы Төлеген (Марқасқа) жырау оны мынадай жырмен оятады:

«Ей, Қатаған хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді жылатып,
Жер тәңірісің, жатырсың,
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да
Қазан жетгі қапылсың!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіңе келіп тұр,
Шашқалы тұр қаныңды,
Кешікпей содан қатарсың!»

Есім хан шошып ояңған Тұрсын ханның басын алады.

«Бахыр әл асырардың» авторы Махмұд ибн Уәлидің айтуына қарағанда, Есім хан 1628-жылы қайтыс болған. Ал «Қазақ совет энциклопедиясының» мәліметіне қарағанда 1645-жылы қайтыс болған делінеді.

«Жарғы» сөзі қазақша әділдік, шешім деген ұғымды білдірген. Түпкі мәні жарудан, нәрсемен салмағын бір жағына аудармай, дәл де әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билер халық: «Қара қылды қақ жарған» деп мадақтайды. Өл заманда бас кетсе де әділ сөйлеген.

Бізге белгілі, «Қысам ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» осы хан кеңсінің шешімі арқылы жарыққа шығып, елге таралған. Жәңгір ханның ұлы Тәуке «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелерді жеті түріне күрделі өзгеріс енгізгендіктен, ол өзгерістер «Тәуке ханның Жеті жарғысы» («Жеті жарлығы») аталып кеткен делінеді.

Бірінші жарлығы: «Халықтың ханы, сұлтаны, пірі-әзіреті қастан өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны молшерінде құн төленсін».

Екінші жарлығы: «Төрелер мен қожалардың жай қатардағы біреуі өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін («ақсүйектің, пірдің тұқымы деп) екі кісінің құны төленуі тиіс».

Үшінші жарлығы: «Сырттан келген адам үйге кірерде мініп келген атын босағаға байлағандықтан біреуді теуіп өлтірсе «бүтін құн», үйдің жапсарына байлаған ат теуіп өлтірсе «жарты құн», ал үйдің артына байлаған ат теуіп өлтірсе тек «ат-тон» айып тартады».

Төртінші жарлығы: «Ата-анасын туған баласы ренжітіп, қарсы келіп қол жұмсаса, онда ол баланы ата-анасы өлтіремін десе де ерікті, сұраусыз болады».

Бесінші жарлығы: «Кәмелетке жеткен баласы туған ата-анасына тіл тигізіп сөккені үшін (қол тигізбесе) – қара сиырға немесе қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылда айналдыру керек».

Алтыншы жарлығы: «Құда түсіп, құйрық-бауыр жескеннен соң – ақ баталы жесір басқаға кетсе, оған берілген қалың мал жесір иесіне түгел қайтарылып, оның үстіне қалыңсыз қыз немесе бір қызның қалың малы төленсін».

Жетінші жарлығы: «Ұрыдан айыр түйеге – нар, атқа – аруана, тайлаққа – атан, тайға – ат, қойға – тана төлетеді. Оның үстіне үш тоғыз айып төлейді».

Жердің жүзіп мекендеген халықтардың көбісі ерте кезден-ақ жеті санында сиқырлық күш бар деп санаса, оны киелі, қасиетті деп ұғатын да ұлттар бар. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын кастерлерден бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң, жүйелерді жеті санымен атайды. Аллаһ Тағаладан пенделеріне түскен қасиетті кітаптардың бірі – Тауратта жеті саны 500 рет қайталанады.

Қазақтардың таным – түсінігінде Жеті ата. Бұл – қазақ хал-қының дәстүрлі салт-сана-сынып адамның ата жағы-нан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасы-нағашы-аты-жөнiш бiлуге мiндеттi. Мұны әке-шешесi, ата-әжесi үйретiп, жаттатуға тиiс.

Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізнен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Сондай-ақ, адамдар атасынан төмен қарай атағанда былайша ататек жалғаса-ды: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Мұнан соң туыстың атаулар әрі қарай: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып кетеді. Жеті аталық ұста-ным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың бабалар рухы алдында іштей жауанкершілік сезімін оятатын күшке ие.

Ол – этникалық тұтас-тықтың қуатты арқауы, темірқазығы. Сол себепті ата-бабаларымыз: «Жеті атасын білмеген: жетесіз», «Ата – тегін айтқанның айыбы жоқ» деп ұрпақтарына жеті атасын білуді өсиет, аманат етіп айтып кеткен. Қазақтар бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жүрежатты «Жеті пұсты» деп те атайды.

Жеті қазына. Ол жөнінде пікір таласы көп. Алайда қазақтар ертеде жеті қазынаға мыналарды жатқызған: 1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ілім-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Құмай тазы. 6. Қыран бұркіт. 7. Берен мылтық.

Қазақтар жеті қазынаны «жеті ырыс» деп танып, оған мыналарды жатқызған: 1. Адамның ақыл-ойы, сана-сы. 2. Денсаулық. 3. Ақ жаулық (ердің жары). 4. Бала (өмір жалғасы). 5. Көңіл (көңіл мен пейіл кең болса, ынтымақ, береке орнайды). 6. Жер («Жерсіз – ел тұл, ерсіз – жер тұл»). 7. Ит. Ал, Ислам аңызы бойынша, жеті қазынаға мыналар жатады: 1. Қыдыр (қызыр). Қыдыр дарыған адам бай болады. 2. Бақ. Ол ерекше жаратылған құдірет иесі. Бақ дарымайды, қонады. 3. Ақыл (Байлық пен бақыттың тірегі). 4. Денсаулық. 5. Ақ жаулық. 6. Тұз (Ол – Алланың адамдар мен жан-жануарларға берген несібесі, таусылмайтын кені). 7. Ит. (Адам Ата мен Хауа Ананың алғашқы серігі).

Қазақтардан басқа халықтарда да жеті қазына туралы өзіндік таным, түсінік бар. Мысалы, грек аңыз – әңгімелерінде жеті қазынаға мыналар жатады: 1. Көк аспан. 2. Күн (барлық зат оның шуағынан нәр алады). 3. Ай (түнгі тіршілік нәрі). 4. От (От – Күннің жердегі сүлдесі. Оны пайдалану арқылы адамдар дүниенің төрт бұрышына тарады). 5. Су. (сусыз тіршілік жоқ). 6. Жер (тіршілік анасы). 7. Ит.

Жеті қат көк. Ол – аспан әлемі туралы мифологиялық түсінік. Оның үш мағыналық сипаты бар. Біріншісі: Аллаһ Тағала аспанды жеті қабатты етіп жаратқан. «Алланың жеті аспанды қабат-қабат етіп жаратқанын көрмедіңдер ме?» (Құран Кәрім, 72 сүре, 14 аят). Екіншісі: жеті жұлдызға байланысты атау. Олар: Ай, Меркурий (Ғұтрад), Шолпан (Зухра), Күн, Марс (Миррих немесе Қызыл жұлдыз), Юпитер (Мүштари), Сатурн (Зұхал). Үшіншісі: ежелгі түркілік мифологиялық түсінік негізіндегі мағына. Ол мұсылмандық ұғыммен сіңісіп, ұмытылып кеткен. Жеті қат жер. Ежелгі наным-сенім бойынша олар мынадай: 1. Тұңғық. 2. Жылан. 3. Су. 4. Қос балық. 5. Қара тас. 6. Көк өгіз. 7. Жер. Жаратылыстың сегізінші қабаты – тағдырдың талайы жабылған «лайық» атты жазу тақтасынан, тоғызыншы қабаты – «күрсі», «мінбер» және «тақ» орнатылған тәңірлер әлемінен тұрады.

Жетіқарақшы. Ол – аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз. Оның 1,8 көрінерлік жұлдыздық шамаға дейін жалтырап көрінетін ең жарық жұлдыздары – Алиот пен Дубке. Жетіқарақшының жарық жеті жұлдызының сыртқы пішіні нәміс тәрізді. Оның шеткі екі жұлдызы бойынша Темірқазық жұлдызын табуға болады.

Жетіқарақшы наурыз, сәуір айларында жақсы көрінеді. Темірқазықты айнала қозғалатын жетіқарақшы арқылы жер тараптары мен түнгі мезгілді айыруға болады.

Аптаның жеті күні. Олар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Кемпірқосақтың жеті түсі. Жарық мынандай жеті түстен тұрады: қызыл, қызғылт-сары, сары, жасыл, көгілдір, көк және күлгін. Күн сәулесі жаңбыр тамшысына түскенде, жарықтың жеті түсі сынып, тамшы арасынан көрініп, кемпірқосақ пайда болады.

Жеті жарғы. Ол – Тәуке хан (1678-1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы. Тәуке хан «Қа-сым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы осынау заң жүйесін өмірге әкелген. Ол 20-ғасырдың басына дейін қолданылып келді. «Жеті жарғы» деп аталуы Тәуке ханның бұрынғы заңдарға енгізген жеті өзгертуіне байланысты» дейтін тұжырым бар. Ол жеті өзгеріс мынандай:

1. «Халықтың ханы, сұлтаны, пір-әзіреті қастан өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін».

2. «Төрелер мен қожалардың жай қатардағы біреуі өлсе, олардың әрқайсысына екі кісінің құны төленсін».

3. «Сырттан кірген адам үйге кірерде мініп келген атын босағаға байлағандықтан, біреуді теуіп өлтірсе, бүтін құн, үйдің жапсарына байлаған ат теуіп өлтірсе, жарты құн, ал үйдің артына байлаған ат теуіп өлтірсе, тек ат-тон айып тартады».

4. «Ата-анасын туған баласы ренжітіп, қарсы келіп, қол жұмсаса, онда ол баланы ата-ана өлтірсе де ерікті, сұраусыз болады».

5. «Кәмелетке жеткен баласы туған ата-анасына тіл тигізіп сөккені үшін (қол тигізбесе) қара сиырға не қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым іліп, ауылды айналдыру керек».

6. «Құйрық – бауыр жесіп, құда болған соң ақ баталы жесір басқаға кетсе, оған берілген қалың жесір иесіне түгел қайтарылып, оның үстіне қалыңсыз қыз немесе бір қыздың қалыңмалы беріледі».

7. «Ұры айыр түйеге нар, атқа аруана, тайлаққа, атан, тайға ат, қойға тана төлейді. Оның үстіне тоғыз айып төлейді».

Әрине, бұл жеті өзгеріс-тен басқа да «Жеті жарғыда» жер дауы, отбасы, неке заңы, қылмыс пен дауы, куәлік ету, ант беру, тонаушылық және тағы да басқа жағдай-ларға, рәсімдерге байланыс әдет-ғұрып, заң шаралары өз көрінісін тапқан.

Жеті жұт. Бұлар: 1. Құр- ғашшылық. 2. Жұт (мал қы-рылу). 3. Орт. 4. Оба (ауру).

5. Соғыс. 6. Топан су. 7. Зіл-зала (жер сілкіну).

Жеті жоқ. Ол былай:

1. Жерде өлшеу жоқ. 2. Ас-панда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. Аллаһта бауыр жоқ. 6. Аққуда сүт жоқ. 7. Жылқы-да от жоқ.

Жеті жетім. Бұл жонін- де мынандай даналық сөздер бар:

Тыңдамаған сөз жетім, Киюсіз тозған бөз жетім.

Иесіз қалған жер жетім.

Басшысы жоқ ел жетім.

Ақку, қазсыз көл жетім.

Жерінен айырылған ер жетім.

Замандасы қалмаса – Бәрінен де сол жетім.

Жеті ғашық. Халықтың ән – жырында жеті ғашық мынандай екі нұсқада кездеседі:

а) Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиха, Фархад – Шырын, Тахир – Зухра, Арзу – Қамбар, Уәлиқ Ғарра, Уәки – Күлшаһ. ә) Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиха, Фархад – Шырын, Баһрам – Күләш Сейпілмәлік – Бәдіғұл, Бозжігіт – Анула (кей нұсқада Қарашаш), Зияда – Хорлы (Хорлы – Ғайын).

Әлемдегі жеті санымен аталатын кереметтер Вавилондықтардың түсіні- ғінше, әлемде жеті планета бар. Сол себепті олардың ғи- бататханалары да жеті дең-гейлі. Бірқатар діндерде де жеті саны ки- еврейлердің балауыз қойғышы, шырағдан-дары, менорлары жетіден.

Ислам дінінде Жеті аспан: күміс, алтын, меруерт, ақ алтын, жақұт, анартас және ғажайып жарық Жеті шәріп: Мекке шәріп, Мәдина шәріп, Бұхар шәріп, Шам шәріп, Қатым шәріп, Құд-дыс (Мысыр шәріп, Кәләм шәріп (Құран). Жеті тозақ: 1. Сағир. 2. Ла- зо. 3. Сақар. 4. Жахим. 5. Жа-һаннам. Хауия. 7. Хатома.

Христиан дінінде Жеті саны: сенім, үміт, қа- йырымдылық, әділеттілік, са-бырлық, ақылдылық және рухтың күші.

Таурат кітабы бойынша: Құдай 1 – күні жарықты, 2 – күні аспанды, 3 – күні жерді, 4 – күні Күн, Ай және жұлдыздарды, 5 – күні балықтар мен құстарды, 6 – күні аңдар мен адамдарды жаратқан, 7 – күні дем алған. Бұл әлемді жаратуға арналған жеті күн деп аталады.

Өлімге себепкер же- ті күнә: 1. Тамақсаулық. 2. Жалқаулық. 3. Нәсіқұмар- лық. 4. Өркөкіректік. 5. Ашу. 6. Қызғаншақтық. 7. Сараң-дық. Бұл жеті күнәні XV ға- сырда суретші Иероним жо-ғарыдан суретте тамаша бей- нелеген. Әлемнің жеті кереметі Алғашқы 7 керемет: 1. Еги- пет пирамидасы. 2. Вавилон- ның аспалы бағы. 3. Ерте- дегі Артемида храмы. 4. Олим- пиядағы Зевстің мүсіні. 5. П- ликарнастағы Мавсол патша- ның табытханасы. 6. Жерорта теңізі аралығындағы Ге-лиостың (Қ- құдайы) қолдан жасалған мүсіні.

Әз-Тәуке хан немесе Мұхамед Батырхан деп те аталады, Салқам Жәңгір атанған Жәңгір ханның ұлы. Тәуке хан тұсында Қазақ хандығы саяси жағынан нығайған және бір орталыққа бағынған үлкен мемлекет болды. Оны Тәуке ханның үш жүзге және Қырғыз бен Қарақалпаққа билігі жүргенінен көреміз. Оны Тәке хан тұсында Сыр бойында Қазақтың 32 қаласы болғанынан да көріге болды. Қысқы Ордасын Тәуке Хан Түркістан қаласына орналастырды. Жазғы Ордасы қазіргі Астана қаласы таяу жерде, қазіргі Астанадан 10 шақырым жерде болған. Халық зердесінде қалған аңыздар бойынша да Тәуке хан билік жүргізген заман ең бір өркендеген алтын ғасыр ретінде қалды. Тәуке ханның билік құру кезеңі 1780-1718 жылдар. Яғни, қазақ даласында отыз жылға жуық хандық билік құрған.

Тәуке ханның басты сңбегі – Қазақ хандығының ішкі саяси ахуалын оңалту жолындағы сңбегі. Ол өзіне дейінгі «Есім ханның ескі жолы», «Хақназардың хақ жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» аталған әдет ғұрып нормаларына сүйене отырып, «Тәукенің Жеті Жарғысы» аталған заңдар жинағын қабылдаған. Ал хандықты билеуде негізінен әр жүздің билеріне арқа сүйежі, яғни бұрынғыдай Төре мен Қожалардың шекіз билігінің орнына қазақтың өзінен шыққан данағөй ақсақалдарға арқа сүйежі. Соның ішінде «Әз-Тәукенің бес бий» атанған бес данышпанның атақ-даңқы бізге жетті: Ұлы жүзде – Ұлы жүзде – Ұйсін Төле би, Орта Жүзде – Қаз дауысты Қазыбек, Кіші жүзде Алшын Әйтеке би және Қарақалпақ – Сасық би мен Қырғыздағы Қоқым билер ел басқару ісіне араласып, халықтың сөзін жеткізіп отырды. Тарих дерегі де сол кезде Тәукенің қасында Ұлы жүз Әлібекұлы Төле, Орта жүз Келдібекұлы Қазыбай

Кіші жүз Байбекұлы Әйтеке, қырғыз Қарашораұлы Көкім, қарақалпақ Сасық би, қатаған Жайма секілді халықтың ішінен уақыттың өзі екшеп шығарған, даналық сөзімен, әділетті ісімен, қара қылды қак жарған тура билігімен аттары бұл күнде аңызға айналған атақты билердің болғанын айтады.

Сонымен қатар ол сыртқы жағдайды да тұрақты ұстай білді. 1678 жылы ол Бұхар хандығынан елшілерді қабылдаса, 1686-1693 жылдар аралығында Тәуке Ресейге бес рет елшілік аттандырып, көршілік, достық қарым қатынасты сақтау туралы бітімдер жасасқан. Соның ішінде оның 1994 жылғы Қазан айында жаздырған хаты бізге дейін сақталған. Бұл кезде Қазақ хандығының көршілерімен терезесі тең мемлеет болғанын көре аламыз.

Тәуке ханның заманында оның саясатына сәкес тыныштық пен бейбітшілік орнады, дегенмен жаугершілік заманда, ел басына күн туған сәттерде ол өзінің қолбасшылық дарыны мен батырлығын да таныта білді. 1689 және 1702 жылдардағы ойрат-жонғарларға жасалған жорықтар, сондан кейін 1711, 1712, 1714 жылдардағы жонғарлардың қазақ даласына үш рет баса көктей басып кірулерін тоқтату арқылы ол кісі кошпенділер даласында Батырхан атағына ие болған.

Соның ішінде Тәуке хан халық жадында күні бүгінге дейін асқан кеңмеңгер, дана ақыл иесі ретінде де сипатталады. Соған орай ол кісінің есіміне Әз (данышпан) сөзін жалғап, Әз-Тәуке деп атайды. Халықтан «Әз» атағын иемденген Қазақта тек екі хан болған – Әз-Жәнібек және Әз-Тәуке хандар. Соның ішінде Әз-Жәнібек Алтын Орданың ханы болса, Әз-Тәуке Қазақ Ордасының ханы.

Жәңгірұлы Тәуке хан (1626-1718) – Қазақ хандығының ханы, Салқам Жәңгір ханның баласы. Шешесі – қалмақтың хошоуыт тайпасының билеушісі Кунделен-тайшының қызы. Мұрагерлік жолмен Қазақ хандығының билік тізгінін қолға алған кезде (1680ж.) Тәуке ел ағасы жасына келіп ақыл тоқтатқан, мемлекет ісіне араласып, мол тәжірибе жинақтаған білікті жан болатын. Сондықтан да ол таққа отырып, әке ісін алға жалғап, оның саясатын жүргізгенімен, оны жүзеге асыруға келгенде бұрынғы сүрлеумен кетпей, өзіндік жаңа жолмен жүрді. Тәукені өзге қазақ хандарынан ерекшелеп, оның шын мәнінде кореген басшы, ақылды реформатор екенін танытанын қасиеті де осы өзіндік жолмен жүруінде. Бұл ретте ол ұлы бабасы Қасым ханға қарай бейімделеді.

Тәуке ханның елі үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аударады. Бірі – елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізін, анталаған көп дұшпанға бел аудармағаны. Екіншісі – елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнатуы. Ол төңірегіне топтан торай шалдырмайтын, сыртқа сыңар сабақ жіп алдырмайтын, бір ауыз сөзімен жұртты жатқызып – өргізетін, беделімен елдің бірлік-берекесін кіргізетін ақыл иелерін жинап, халқын солар арқылы басқарды, ақыл-ой, парасат үстемдігін орнатты. Осындай алыптардың замана тынысын тамыршыдай тап басып танып, халықтың басын қосып, елдің бірлік – берекесін кетіретін ішкі дау – жанжалды, барымта – сырымтаны тиып, елді ынтымақта ұстау мақсатында ой тоғыстырып, бір бағытта илгілікті іс-қимыл жасау арқасында Қазақ хандығының жағдайы күрт жақсарып, сыртқа айбарын асырды. Жұрт ерді ел қолдаса – береке, ханды ел қолдаса мереке екенін корді. Сол себепті де Тәуке хан ел билеген кез – халық ссінде « кой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныш берекелі заман болып қалды.

Бірақ, бұл, әрине ол кезде ешқандай шапқыншылық болған жоқ, бірыңғай бейбіт күн туып, қазақ халқы сыртқы жаудан қаймықпай алаңсыз ғұмыр кешті дегенді білдірмесе керек. Керісінше, Тәукенің кезінде қалмақтармен қақтығыс жиілей түспесе, кеміген жоқ. Сонау 1681 жылғы қалмақтың қонтайшысы Галдан Бошоктудың қалың қолмен Шу өзенінің бойына жетін, Сайрам қаласын қоршағаннан басталған шабуылдар легі кейін оның немересі Цеван Рабтан билік басына келген кезде де толастаған емес. Ұсақ қақтығыстарды есептемегеннің өзінде 1711-1712, 1714, 1717 жылдары қазақ пен қалмақ арасында ірі соғыстардың болғаны белгілі. Бұл арада мәселе елдің өз ішінде тыныштық орнауында, халық арасында ырыс қазығы – ынтымақтың берік қағылып, ағайынаралық алауыздықтың жойылуында, осыған ұйытқы болған ел басшысының төңірегіне халықтың ақыл-ойының жоғары көтеруінде. Сондықтан тарихшылар Тәукені «Қазақ ордасының Ликургі» деп бағалайды. «Ликург» деген бір кезде ежелгі Грекияда көне Спартаның ақылғөй Заңгері болған, сондықтан ақылды, көреген кайраткерлердің бәрін Еуропалық ғалымдардың «Ликург» деп атауы қалыптасып кеткен. Тәуке ханды бұлай сипаттаған кейінгі зерттеуші Еуропалық ғалымдар.

Тәуке ханның тұсында тұрақты мемлекеттік органдар: хан кеңесі, билер кеңесі жұмыс істеп, жыл сайын үш жүздің шонжарларының съезін өткізу қалыптасты. Тарихқа «Жеті жарғы» деген атпен енген Тәуке ханның заңдарын зерттеушілер қазақтардың бұған дейінгі қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларының бір жүйеге келтіріліп, толықтырылған нұсқасы деп қабылдайды.

XVIII ғасырда Есіл өзеннің жібек шалғынды кокорай жағасындағы Күйгенжарда (Астана қаласынан 10 шақырым жерде) атақты Салқам Жәңгірдің баласы Әз Тәуке ханның ордасы қоныстанған. Себебі, жонғарлардың тегеуірінді бір шабуылы Түркістанды уақытша амалсыз қалдыруға мәжбүрледі. Сарыарканың айтулы сайыпқырандары мен сайраған әділетті билері қанжығалы қарт

Бөгенбай, қаракерей Қабанбай, Шақшақұлы Жәнібек, бәсентіін Малайсары, қыпшақ Қошқарбай, қаз дауысты Қазыбек би, Бұқар жыраулармен ел тағдыры мен жер тағдырын ойлап кездесуге мейлінше қолайлы жер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Ә. "Жалпы ұлттық келісім және демократиялық даму". Егеменді Қазақстан газеті. 1997 жыл. 25-26 наурыз.
2. Қалмырзаев Ә. Халықтың қуаты бірлікте. "Ата-заң арналары". Егеменді Қазақстан газеті. 1998 жыл. 27-тамыз.
3. Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. Өңделіп, толықтырылған, 2-басылымы.- Алматы: Жеті Жарғы, 2004.-480 бет.
4. Черняков А.А. Конституционное право Республики Казахстан. Алматы: Әділет Пресс. 1997. 321-бет.
5. Қазақ хандығының және қазақ халқының құрылуы: Қасым хан туралы // Жолдасбайұлы с. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан.- Алматы, 1995.- Б.151-154
6. Қазақ хандығының күшейуі және кеңеюі. Қасым ханның тұсында // Қазақтың көне тарихы.- Алматы, 1993.- Б.240-244

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУЫ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

*Ержан Н., «Құқықтану» мамандығының
2-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Тленова Г.Д.
Халықаралық бизнес
және коммуникация колледжі*

«Көптің сөзі – киелі» дейді, дана халқымыз. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне қызмет еткен азамат мұратына жетеді.

«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы атамыз айтқандай, және «Балам бол, басқа бол – бәрінде заң біреу – ақ» «Тура биде туған жоқ, туганды биде иман жоқ» деп айтқан Жүсіп Баласағұни даналарымыздың сөздерінің мән-мағынасы тереңде жатыр.

70 жыл ішінде жүргізілген аяусыз зұлмат тек қазақ халқын сан жағынан ғана селдіретіп, өз отанында азшылыққа ұшыратып қойған жоқ, ол өмір сүретін табиғи ортаны да ойрандады, халық санасын уландырды, оның тарихында мыңдаған жылдар бойына мәңгілік болып саналып келген талай табиғи байлық ондаған жылдардың ішінде-ақ сарқылып келмесе кетті. КСРО өзінің 70 жылдық тарихында ұлттардың, этникалық топтардың, аз халықтардың теңдігі мен құқы жөнінде жар салудан жалыққан емес, ал іс жүзінде халықаралық міндеттерді сақтау былай тұрсын, тіпті, конституциялық заң ережелері де орындалмады. Шынайы демократия болмағандықтан да заң әрқашан қағаз жүзінде қалып отырды. Тек егеменді Қазақстан Республикасы жағдайында ғана құқықтық мемлекет құрудың шынайы мүмкіндігі туып отыр. Біздің жас мемлекетіміздің Конституциясында міне осы кадам тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуының кепілі ретінде жүзеге асырылады.

Қазақстан халқы егеменді мемлекеттің ұлттық оркендеу процесінің негізін 90-жылдары қалай бастады. Біздің ата-қонысымыз мыңдаған жылдар бойына талай басқыншылықты басынан кешті. Қаншама көне қалалар, мәдени орталықтар қирады, кітаптар өртеліп, жазықсыз жандар құрбан болып, өлшеусіз қан төгілді. Бірақ қандай қырғын болса да алтын бесік ата-баба жері, атамекен дәл бүгінгідей ойрандалған емес. Жер ананың аялы алақанында аман қалған әрбір от басынан рулы ел тарап, халық қашан да еңсесін көтеріп, ел болып дамып кете берсін. Халқымыздың ата-қоныс қара орманға деген ұрпақтық сүйіспеншілігінің түп-тамыры да дәл осында жатыр. Сондықтан да ата-бабамыз осындай ұлан-ғайыр жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткен.

Халқымыздың ғасырлар бойы аса зарыға күтіп, құдайдан жалбарына тілеп, ақсарбас атап жүрген арманына да ақыры жетті.

Ғасырлар тоғысында Қазақстан халқы да тағдырлы шешім қабылдап жасампаз жаңа дәуірге кадам басқанына, міне, аттай 20 жыл толып отыр.

Қазақстан Республикасының негізгі заңын; саяси биліктің Конституциядағы саяси көрінісін; ҚР азаматтарының міндеттері мен құқықтарын саралап, адам мен қоғам арасындағы байланысын зерделеу, ұғыну және мәнін түсіне білу бүгінгі күннің мақсатына, өзектілігіне айналуы тиіс.

Құқықтық демократиялық мемлекетте **Конституция**, яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі Заңы аса жоғары мәнге ие. **Конституция** жобасы **Қазақстан** Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап жасалына бастады. **Конституция** қабылдаудан бұрын бүкілхалықтық талқылаудан өтті. Біздің **Конституциямыз** бойынша **Қазақстан** халқы егемендіктің иесі, республикадағы мемлекеттік биліктің